

*Г. Н. Тоқпанбетова, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция лейтенанты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ақтөбе заң институты)*

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН ЛАҢКЕСТІКПЕН КҮРЕС ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Бүгінгі күні мемлекеттер арасында саяси, экономикалық және тағы басқа тұрғыдағы мәселелерге байланысты қарапайым қоғамға әбден түсініксіз, үлкен және қауіпті қорытынды — лаңкестік, экстремистік қақтығыстар болып жатыр. Енді, бұл орныққан жағдай — ешкімге де тиімді еместігін көрсетуде.

Лаңкестік — гректің «terror» сөзінен алынып, «үрейлі», «қорқынышты» деген мағыналарды білдіреді. Бұл атауды ең алғаш Аристотель қолданған. «Террор» сөзі өз мақсатына жету үшін ешнәрседен тайынбай, зорлықпен үкімін жүргізуді көздеген саяси күрес деген мағынада түсіндіріледі. Лаңкестердің қарулы әрекеттері мен бүлік шығару іс-әрекеттері олардың бүкіл болмысын айқын көрсетеді.

Түрлі этникалық және діни қайшылықтар, кедейлік пен мемлекеттегі түрлі келіспеушіліктер де лаңкестіктің шығуына себеп болуы мүмкін.

Қазіргі таңда дүниеде 500-ге жуық лаңкестік ұйым бой көрсетуде. Олардың саяси, діни бағыты, әлеуметтік және этникалық құрамы, шабуылдау дәрежесі бойынша ең үлкендері мыналар: «әл-Кайда», «Абсат әл-Ансар» (Ливан), «Ал-Жиһад», «Жәмағат әл-Ислами», «әл-Ихуан әл-муслимин» (Мысыр), «Хизб-ут-тахрир әл-Ислами», «Тәибә», «Жамағати-Ислами» (Пәкістан).

Лаңкестіктің бірнеше түрлері бар:

1) Ядролық лаңкестік — ядролық жарылғыш заттарды жару немесе онымен қорқыту, радиоактивті заттармен улау, ядролық нысандарды басып алу мақсатын көздейді. Қазір

дүниенің 30 мемлекетінде 450-ге жуық ядролық объектілер, 100-деген ядролық реакторлар, он мыңдаған ядролық қарулар бар.

2) Хайджекин — ірі көлік құралдары: ұшақ, пойыз, автомобиль және кемелерді ұрлауды мақсат етеді. Бірінші әуе лаңкестік 1930 жылы жасалған. Лаңкестер тарапынан 1969 жылы 91, 1972 жылы 59 жолаушы ұшақтарына шабуыл жасалған. Тіпті, 1971 жылы қыркүйек айында 4 ұшақ лаңкестер тарапынан қиратылды.

3) Гиперлаңкестік — арнайы хакер тәсілдері бойынша компьютер басқару жүйесін иеленіп алу, компьютер вирустары арқылы интернет жүйесін істен шығару көзделеді.

4) Биолаңкестік — вирус, ұнтақ сияқты бактериялық қоспаларды пайдалана отырып лаңкестік әрекет жасау.

5) Химиялық лаңкестік — улаушы және тұншықтырушы газдарды лаңкестік мақсатқа пайдалану.

6) Ақпараттық лаңкестік — теракт жасауға алып келетін мағлұматтарды БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) арқылы тарату, экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің өз техникалық мүмкіндіктерін басқаларға зиян тигізу үшін пайдалануды айтады. Мысалы, бір өтірік кейде бүкіл дүниедегі мемлекеттерді қарама-қайшылыққа түсіреді, миллиондаған адамдардың санасын улайды, оларды жолдан тайдырады. Сол үшін БАҚ арқылы әсіресе, интернет жүйесі арқылы таралып жатқан теріс хабарлар әртүрлі жаман нәтиже беруі мүмкін. Мұндай зиянды хабарлардың «ақпарат лаңкестігі» делінуі ғажап емес. Бұл іс-әрекет саяси лаңкестіктің ажырамас бір бөлігіне жатады.

7) Қазіргі кезде ең көп таралған лаңкестік — дінді бетперде еткен түрі. Олардың негізгі мақсаттары — әртүрлі діни сенімдерді пайдалана отырып, адамдардың пікіріне әсер ету, билікті ұстап қалу, ұлтаралық соғыстар, талас-тартыстар ұйымдастыру, дінді саяси құрал ретінде пайдалану. Бұл ретте тоқталып кеткім келіп отырған тақырып — еліміздегі дін мәселесі. Бірақ мақсатым оларды жерге ұру емес, тек қана діннің қазіргі таңдағы қоғамдағы орны жайлы бір ауыз шындық су бетіне шықса деймін.

Лаңкестікке қарсы күресудің мақсаты — рухани және материалдық, экономикалық тұрғыдағы нысандарды залалсыздандыру. Сол үшін лаңкестіктің пайда болу тарихын, оның түрлері мен алуан көріністерін, сондай-ақ қауіпін алдын алуды да білген абзал.

Халықаралық арақатынастардың ерекше аясы — терроризм және экстремизм болып табылады. Бәріміз білетіндей, аталған екі құбылыс белгілі бір мемлекеттің аумағында орын алғанымен, бүкіл әлемді масасыздандыратын мәселеге айналды.

Жаңа заман кезеңінде халықаралық құқық — құқықтың әр саласындағы халықаралық қатынастардың күшеюімен байланысты елеулі оң өзгерістерге ұшырап жатыр. Халықаралық қауымдастық, бүгінгі күні, халықаралық құқық нормалары мен қауіпті соғыс конфликтілерін, саяси қақтығыстарды бейбіт жолмен шешудегі ауқымды тәжірибесімен осы жұмыста қарастырғалы тұрған экстремизм және терроризм мәселелерін дұрыс шешуге шамасы жетерлік деген ойдамыз. Себебі бұл оқиғалар дүниежүзілік қауымдастықтың мүдделеріне қайшы тұрып, олардың бейбіт, тыныш және ынтымақтастық өмірін қауіпті жағдайға тірейді. Алайда көптеген ғалымдар бұл мәселелерді әлемдік қатынастардың жаһандануымен байланыстырады. Қазіргі заман өзінің күрделі қатынастарының қиындай түсуімен және рухани құндылықтарға кері көңілмен қараудың тенденциясымен түсіндірілетін адам және қоғам, қоғам және мемлекет, мемлекет және әлемдік қауымдастық арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соқтырады.

Мұндай жағдайда әлемдік қауымдастықтың терроризм және экстремизммен күресудегі әсерлі әрекеттер — мемлекет тарапынан кепілденген адамдардың оған бірігіп қарсы шығуы болып табылады. Мемлекеттер бұл аяда қызметтесу арқасында халықаралық өзара әрекеттестіктің құқықтық және саяси негіздерін орнықтырады. Көрсетілген өзара әрекеттестік мынадай жалпы мақсаттарға бағытталған — халықаралық бірігудің арқасында ғана іске асатын халықаралық қылмыстылыққа қарсы әрекеттерді ұйымдастыру, халықаралық қауіпсіздіктің бірыңғай жүйесін құру.

Біз білетіндей, террордың нәтижесінде адам құқықтары мен бостандықтары жексұрын, қатігез және көргенсіз нысанда бұзылады. Лаңкестік акт қандай да бір көрініспен орын алса да, тіптен, соғысқа әкелетін нысандағы экстремизм — ең алдымен адам баласына, оның бағаланбас өмір фактісіне үлкен қасірет әкеледі. Халықаралық құқықтың бірден-бір қағидасы — адам құқықтары мен бостандықтарын кесетін экстремистік және (немесе) лаңкестік әрекеттердің қайта-қайта жандануы қоғамда адамға өмір сүруге ешқандай мүмкіндік бере алмайды.

Ал мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде орнығуы әбден дұрыс бағыттың дәлелі. Мемлекеттер бұл

мәселені шешу жолында мынадай бағытты ұстануы жөн — ұлтаралық және мемлекетаралық келісім.

Терроризм және экстремизм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау үшін барлық объектілерді пайдаланады. Соның ішінде әлемде ең қымбат — адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін баруға безбейді.

Орта Азия аймақтарында экстремизм және терроризм мәселелері ерекше көңіл аударуға тұрарлық жағдай. Аталған аймақ Қазақстанға көршілес мемлекеттерден тұрғандықтан өздерінің аумақтарында экстремизм және терроризм көріністері жандануының көркеюіне байланысты туындаған ішкі тұрақсыздық жағдайлары үлкен қауіп төндіреді.

Таңдалып отырған тақырыптың өзектілігі — жасалған қорытындылармен дәлелденеді. Онда халықаралық өзара әрекеттестіктің аймақтық мәселелері мен олардың болашақта даму тенденцияларын қарастыруға байланысты зерттеулер жүргізіледі.

Қазақстан экстремизм және терроризмге қарсы тұруға байланысты халықаралық ынтымақтастық жүйесіне белсенді түрде енуде. Сондықтан да негізгі мақсат — экстремизм және терроризммен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастық қағидалары мен мазмұнының жалпы мінездемесін қалыптастыру болып табылады. Қазақстан Республикасы экстремизм және терроризмге қарсы тұруға байланысты келесі тапсырмаларды шешуге бет бұруда:

- экстремизм және терроризм түсінігі мен себептерін анықтау;
- діни экстремизмнің құқықтық ерекшеліктерін ашу мен оның ішкі және сыртқы факторларын айқындау;
- қауіпсіздік пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудегі халықаралық құқықтық мәселелердің сипаттамасын анықтау;
- Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына төнетін ішкі қауіптерді анықтау;
- Қазақстанның қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылығына төнетін қауіптердің сыртқы факторлары жандануының құқықтық мәселелерін айқындау;
- экстремизм және терроризм әрекеттерінде адам құқықтарын қорғау мен бұзылу мәселелерін анықтау;
- экстремизм және терроризммен күресуге бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін анықтау.

Мемлекет алдында көптеген кезек күттірмейтін мәселелерді шешу міндеті тұр. Қазақстанда терроршылдыққа негіз жоқ дейтін пікірлер жай қарапайым халықтың терроризм мен діни экстремизмге қырағылығын төмендетеді. Экстремистердің қатарына сауаты төмен, нанғыш жастардың да тартылатынын еске алатын болсақ, ата-аналарды, бүкіл халықты экстремизм қаупінен сақтандырған жөн. Осыған орай біріншіден, түрлі діни секталардың ел ішіндегі тұрақтылықты шайқалтуға бағытталған іс әрекеттеріне заң жүзінде тыйым салу керек, екіншіден, діни фундаментализм идеяларын әшкерелейтін діни ағарту жұмыстарын жандандыру, үшіншіден, оқу орындарында жастарды зайырлылық рухында тәрбиелеуді күшейту, төртіншіден, ең бастысы, әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға арнайы көмек шараларын іске асыру, бесіншіден, жас ұрпаққа имандылық, адамгершілік, тәрбие беруде еліміздің бетке ұстар ойшылдарының шығармаларынан үзінді келтіріп, олардың мән-мағынасын білім ошақтарында жүйелі түрде оқушылар санасына ұялаттыру керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елдің дамуының негізгі басым бағыттарының бірі ретінде азаматтардың құқықтық білімін атаған болатын.

Өнегелік және мәдени тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде танылатын құқықтық тәрбие қылмыстың алдын алу мәселесімен тікелей байланысты болып табылады. Жастардың нақты өмірлік жағдайда құқық нормаларын дұрыс қолдануға мүмкіндік беретін заңдарды жүйелі түрде түсіндіріп оқытпайынша, олардың арасында құқықтық тәрбиені жүзеге асыру мүмкін емес.

Жастардың көпшілігі өздерінің қылмыстық әрекеттерін әдетте, құқықтық білімдерінің жетіспеуі негізінде жасайды.

Жастарарасында жүргізілетін құқықтық тәрбие барысында дәріс оқу, баяндама жасау және заң қызметкерлерімен кездесу сияқты әрекеттерден басқа жасөспірімдер арасында өнегелік құқықтық тақырыпта викторина, сұрақ-жауап кештерін, диспуттар өткізу, сонымен бірге осы тақырыптар төңірегінде спектакльдер мен кинофильмдер көру, әдеби туындыларды талқылау асамаңызды. Өйткені, бұл шаралар құқық бұзушылыққа қойылған тосқауыл іспеттес.

Бала тәрбиесіндегі басты нәрсе — оның бойында жоғары өнегелік қасиеттерді қалыптастыру, оларды нақты нанымға, өзін саналы түрде ұстаудың үлгісіне айналдыру болып табылады. Олай болса, лаңкестіктің алдын алу жолдарының біріне жастарды саяси идеялық

және өнегелік тұрғыдан тәрбиелеу жатады. Бұл тұста жас ұрпакты өз Отанына, еліне, жеріне, отбасына үлкен сүйіспеншілікпен қарап, ол үшін жауапты екенін сезіндіру аса маңызды.

Сонымен қатар, миссионерлердің уағыздарын насихаттайтын мемлекеттік қауіпсіздікке зиян келтіретін рухани, мәдени, діни, идеологиялық, ақпараттық каналдарға тосқауыл қою маңызды. Дінге қатысты мемлекеттік бағдарлама жасау шешімін күтіп тұрған қажеттілік.

Ғылыми баяндаманы қорыта келе, Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындары тыңдаушыларына «Дінтану», «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес саясаты», «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі» атты тақырыптар бойынша арнайы курстар енгізсе, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.